

Қорымға ескерткіш белгі қойылады


Жақында редакцияға жергілікті темір ұстасы Ю.В.Пархоменко келді. Ол Екібастұз қаласының 50 жылдық мерейтойы қарсаңында саяси тұтқындарға арналған ескерткіш салуды мәселе етіп көтеріп жүргенін әңгіме қылды.

Оның айтуынша, қала сыртында ұрпақтар естен шығарған, ұмыт қалған қорым бар. Ол Екібастұз Майқайың тас жолы бойында “Боғатыр” кенішіне кіре беріс тұста орналасқан. Мұнда саяси тұтқындар жерленген. Екібастұз лагері 1948 жылы құрылған. Қазір оның құр орны ғана бар.

Лагерь тікенекті сым қоршаулармен тартылып, оның араларын арнайы үйретілген иттер күзетіп жүрген. Түрме іші от жағылып жылытылмаған. Тұтқындар Екібастұз қаласын тұрғызған. Лагерьдегі ит тірлікке шыдамай азапта қалғандарды жерлеуге арнайы аумақ бө-

70-80 жылдары белгісіз біреулер қазу жұмыстарын жүргізген көрінеді. Саяси тұтқындар жарты метр тереңдікке қана көмілген болса керек, өйткені олардың сүйектері жер бетінде шашылып жатыр. Қорымның жартысы кеніш үйіндісінің астында қалғандықтан 90-шы жылдардың басында зират басына кеніш топырағын төгуге тыйым салынып, қоршау орнатылады.

Ю.В.Пархоменконың айтуынша, қаланың бас



сәулетшісі Ж.Мәрденнов ескерткіштің идеясы мен композициясын құптап отыр. Мәселе тек қаражатқа келіп тірелуде. Әсіресе брелелфтердегі тарихи көріністерді салуға көп уақыт кетеді екен. Сондықтан ескерткішті салуға жылдам кіріскен дұрыс дейді ол. Қорымда жерленгендердің қаланы тұрғызғанын жас ұрпақ естен шығармауы ке-

керткіштің екі нұсқасын ұсынып отыр. Бірінші нұсқаны шіркеудегі Игорь әкейге көрсеткенде, ол мешіттің имамымен ақылдасып, ұстаға екінші нұсқасын жасауға кеңес біріпті. Сонымен, ескерткіштің екі жағында славян және араб тілдерінде жазу болады. Шойыннан жасалатын брелелфтерде қазақ, орыс тарихының көріністері бейнеленеді. Ескерткіштегі құрбандардың азалы даусын күңіретте жеткізетіндей әсер қалдырып, тікенекті сым темірлер тозақ шеңберін көзге елестетпекші. Ал, от тіршілікті, бейбітшілік символы болып саналатын көгершін өлгендердің рухын бейнелейді.

Ескерткіш салынып, қорым қарауға алынса, көгалдандыру шараларын да қолға алған дұрыс.

Таяуда редакцияға телефонмен хабарласқан Ю.В.Пархоменко өз ойын Мәжіліс депутаты А.Өтегеновке жеткізгенін, халық қалаулысының мәселені шешуге қолдау көрсеткенін айтты. Ескерткішті жасауға С.Жақысыбаев, Ж.Мәрденнов, Игорь әкей, К.Бектеміров, И.Шульц, Ю.Федоровичев сияқты танымал азаматтардан бастамашы топ құрылыпты.

П.Есенбай



лінген. Тоталитарлық саясаттың қатыгездігінен жазықсыз жазаға ұшыраған әскери қызметкерлер, интелгенция өкілдері, еріксіз қоныс аударылған кәріс, неміс, поляк ұлтының өкілдері осы қорымға жерленген. Лагерь 1954 жылдың тамызында жабылып, қалған тұтқындар Жезқазғанға жіберіледі. Оның жанында мұсылмандар зираты бар. Бір кездері қорымды бақылап жүруші адамдар болған көрінеді. Қазір қорым мүлдем қараусыз қалған. Осы жерге арнайы белгі орнатылып, жазу да жазылмаған. Мұнда

рек дегенді бүгінгі күннің басты мәселесі етіп көтеріп жүрген Юрий Владимирович ойын осылай тұжырымдап, ортаға салды. Ескерткішті топырақ үйіндісінің үстіне немесе тас жолдың бойына салу керек. Үйіндінің үстіне салғанда рауандап атқан таң шапағы ерте түсіп, айналаны сәулесімен нұрландыратын болады. Ал қорымның алдына орнатса, жолаушылардың көз алдында “мен мұңдалап” тұратын болады. Ескерткіштің биіктігі 6 метр болады деп жоспарланған. Ю.В.Пархоменко болашақ тарихи ес-